



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

3. Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе// [http:// www.enis.kz](http://www.enis.kz)
 4. Республикалық нотариаттық палатаның ресми сайты
 5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 15-V Заңы; <http://www.notariat.kz//>
- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру мен автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 8 қаңтардағы № 64-V Заңы. //Рахметова Г.Р.«Қазақстан Республикасының Нотариаты» //Оқулық// Алматы,2012

11.2 Трудовое право

ӘОЖ 331.556(574)

ЕҢБЕК МИГРАЦИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНДА

Абдрахметова Алуа Бақытбекқызы

abdrahmetova.alua@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің 1-ші курс магистранты
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші- з.ғ.к.,доцент Серикбекова С.Б.

Миграция және еңбек миграциясы жаһанданушы әлемнің заңдылықты әлеуметтік-экономикалық және саяси, мәдени құбылысына айналып алды. Ол әлем елдері арасындағы және ұлттық мемлекеттердің өз ішіндегі әлеуметтік қатынастардың аса маңызды және елеулі ықпалды факторы болып отыр. Халықаралық еңбек Ұйымының есебі бойынша қазіргі жағдайда 300 млн. адам көшіп қонушылар қатарында, ал оның 105 млн. өз елінен сыртқы қоғамдық ортадағы айналымда жүр. Неліктен? Біріншіден, әлем елдерінің бай және кедей болып бөлініп отыруынан. Жұмыссыздық, кедейшілік, күн көріс көзін іздетеді, тіпті қатерлі жағдайлардың болуына қарамастан еңбекке жарамды адамдардың белгілі бір бөлігі көші-қон субъектісіне айналады. Екіншіден, трансұлттық экономикалық, ғылыми, мәдени байланыстар да интеллектуалдық және технологиялық кәсіби активті еңбек күштерін де өз мүмкіндігін тиімді іске асыру мақсатында қоныс аударуға ынталандырады. Көптеген елдердің тек қаржы инвестициясына ғана емес, интеллектуалдық еңбек күші инвестициясына да сұранысы жоғары. Тағы бір себеп – бірқатар дамыған елдердің халқының және калалардың қартаю үрдісі. Сол себепті экономикасы дамыған елдердің арнайы құрылған институциялық жүйелері басқа елдердің қабілетті және білімді жастарын өзіне тартудың ынталандырушы тетіктерін іске қосуда. Алайда тек еңбек күштері ғана емес, саяси-идеялық ықпал ету (діни, саяси, ұлттық экстремизм) және басқа қылмыстық элементтерінің де шекара асып, тамыр жайып, жекелеген қоғамдарды іштен іріту әрекетіне талпынысы артуда. Кейбір өңірлер мен елдерде экономикалық қауіпсіздік мәселесі де ерекшелене бастады. Осы аталған жағдайлардың өзі қазіргі заманғы миграцияны әлеуметтану ғылымы жан-жақты және терең қарастыруға тиісті елеулі зерттеу құбылысына айналдырып үлгерді. Мәселе адамдар және олардың тағдырлары туралы болып отырғандықтан бұл тек мемлекетаралық емес, ең алдымен әлеуметтік қатынастар, әлеуметтік орталардағы адамдық арабайланыстар, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси, яғни, әлеуметке тікелей қатынасы бар өмірлік құбылыстар. Миграция социологиясы теориялық, методологиялық, эмпирикалық және праксеологиялық тұрғыда жан-жақты негізделуге, дамытылуға және оқытылуға тиісті білімдік, әлеуметтік танымдық сала.[1]

Еңбек миграциясы-еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жеке адамдардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде тұрақты немесе уақытша, ерікті немесе мәжбүрлі қоныс ауыстыруы.[2] Еңбек миграциясының екі түрін ажыратуға болады. Олар: ішкі еңбек миграциясы- бір мемлекеттің аумағында және халықаралық еңбек миграциясы-мемлекеттік шекарадан өтумен байланысты. Ішкі еңбек миграциясы Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамаларымен және заңға тәуелді актілермен, атап айтқанда, Үкіметтің қаулыларымен, Халықтың көші-қоны туралы заңымен және т.б. реттеледі. Халықаралық еңбек миграциясы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында қабылданған Жұмысшылардың құқықтарын қорғау туралы Конвенциямен реттеледі.

Халықаралық еңбек миграциясының себептері болып: әлемдегі экономиканың даму теңсіздігі, әр мемлекеттегі табыстың және мүмкіндіктердің теңсіздігі, көбінесе өнеркәсіптік дамыған елдер мен дамушы елдер арасында, белгілі салалар бойынша дамушы елдердегі жұмысшы күшінің артықшылығынан және дамыған елдерде тапшылығынан көрініс табатын халықтың теңгерімсіздігі және т.б.

Қазақстанда ТМД елдері арасында (Түркменстаннан басқа) визасыз режимнің енгізілгендігі үшін жұмысшылардың мемлекетте мекендеуі заңды болып табылады, алайда олардың көбісі қызметтерін еңбек шартын жасамай жүзеге асыруда. Көбінесе Орталық Азиядан біздің мемлекетімізге біліктілігі аз жұмысшы күші келеді. Бұл жерде жағымды да және жағымсыз жақтары да бар.

Ең басынан еңбек мигранттары жергілікті халықтан жұмыс орнын тартып алатын жағымсыз бәсекелес ретінде қабылданды. Белгілі бір уақыт өткеннен кейін халық арасында бұл түсінік өзгере бастады. Енді гастарбайтерлер нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі болып есептелді. Оның бірден бір себебі өзіміздің азаматтарымыз біліксіз және беделсіз жұмыстырды атқарудан жалтаруы. Маңызды және қажетті болып табылатын бұл салалардың орнын еңбек мигранттары толтырады.

Мигранттардың алдында Қазақстанның тартымдылығына әсер ететін бірнеше факторлар бар. Біріншіден, бұл - Қазақстанның халық шаруашылығындағы құрылымдық өзгерістер және жаңа бәсекеге қабілетті экономика секторлары дамуының табыстылығы. Екіншіден, еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістер және "жаңа" мен "ескі" экономикада жаңа еңбек орындарын ашудағы жетістіктер. Үшіншіден, демографиялық бағыттар және ел мен аймақтардағы халық санының көбеюі. Қазақстанның жаңа секторларды, жаңа өнеркәсіп салаларын дамытуға арналған жеткілікті қоры бар, бірақ бұл іс ақылмен жасалуы керек.[3]

Қазақстандағы осындай оң өзгерістер гастарбайтерлерді өзіне қаншалықты тартқанымен, біз үшін оның соншалықты зияны бар. Біріншіден, мигранттардың қазақ жерінде жүруі экономикамыздың қалыпты жағдайда дамып, өсуіне кедергі келтіретінін түсінген абзал. Миграция жөніндегі халықаралық ұйым өкілі Павел Шлиппек қазақ елінде заңсыз түрде қаражат табуға ұмтылған Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Қырғызстан мен Қытай азаматтарын шартты түрде 3 топқа бөлуге болатынын айтады: біріншісі, күнде таңертең темір жол, көлік немесе басқа да көлік түрімен шекара маңындағы базарға жеміс-жидек пен көкөніс әкеліп, кешке қарай үйлеріне қайта оралатындар. Екіншісі, малшы, құрылысшы, егін суғаратындар мен егін жинайтын маусымдық жұмысшылар. Үшіншісі, ұзақ уақыттан бері Қазақстан аумағын мекен етіп, алыпсатарлық және басқа да кәсіпкерлік түрімен айналысатын шетел азаматтары. Қара күшін жалға беретін алғашқы екі топтағылар жұмыс берушіге тәуелді болса, үшінші топ керісінше, қазақстандық кәсіпкерлердің басты бәсекелестері.

Екіншіден, елге келген еңбек мигранттары өзінің тілін, салт-дәстүрін, тілін, ділін де бірге алып келетіні алаңдатады. Расында қазақ тілінде сөйлеуді талап етудің орнына өзі шүйіркелесіп, өзбек болса өзбекше, қырғыз болса қырғызша сөйлеседі. Міне, осыдан-ақ тілдік талап жоқ екенін түсінген гастарбайтерлер қазақ жерінде емін-еркін нәпақасын тауып жүре беруді дәстүрге айналдырған. Ұлттық болмысты сақтап қалу үшін, сыртқы күштер әсеріне төтеп бере алу үшін де ұлттық мүддемізді берік ұстануымыз керек. Сондықтан еңбек мигранттарынан қазақ тілін талап етуді борышымыз деп санаған жөн. Осы орайда

гастарбайтерлерге арналған қазақ тілінің дайындық тіл курстарын ашуды қолға алып, қазақ тілінен емтихан тапсыруды басты талап етіп қоюды ойланған абзал.

Үшіншіден, еліміздің, әсіресе, оңтүстік аймағына айтарлықтай қиындықтар мен қауіп төндірген заңсыз миграция экономикалық тұрғыда ғана емес, этнодемографиялық, қылмыстық тұрғыда да қатерлі екенін баса айта кеткен жөн. Тағы алаңдататыны, кейбір елдердің этникалық топтарының шекара аймақтарындағы ауылды жерлерге шоғырлануы.

Төртіншіден, салынатын ғимарат кәсіби деңгейде орындалмайды. Яғни, кәсібилік болмағандықтан сапа да төмендейді. Құрылыс компанияларының көпшілігі бұны маңызды деп санамайтыны өкінішті.

Бесіншіден, гастарбайтерлер екі қолға бір күрек таппай қиналған қарапайым азаматтарымызбен, жұмыс іздеген жігіттерімізбен бәсекеге түседі. Өйткені шеттен келген жұмысшылар демпинг (арзан жұмыс қолы) күшінің арқасында жұмысты тезірек табады. Бұл өз кезегінде, өз халқымыздың ішіндегі жұмыссыздықтың азаймауына әкеледі. Бұдан ішкі тұтыну сұранысы өспейді, онымен қоса, өндірістік инвестицияларға салынатын салым көлемі де төмендейді, экономиканың өсуіне кері әсерін тигізеді.[4]

Мамандар Қазақстандағы еңбек мигранттарын екі топқа бөледі:

- ауыл шаруашылығы, сауда, құрылыс жұмыстарын атқаратын Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстаннан келген еңбек мигранттары;
- қызмет көрсету, көтерме сауда, құрылыс бизнесімен айналысатын Қытайдан келген еңбек мигранттары.

Осы жылдан бастап елімізге келетін еңбек мигранттары салық төлейтін болады. Бұл әсіресе Қазақстанға келуге құмартып тұратын өзбек, қырғыз және тәжік азаматтарына қатысты болмақ. Олардың қатарына Ресей азаматтары да кіреді. Жақында Елбасы қол қойған «Еңбек миграциясын реттеу туралы» жаңа Заң негізінде жоғарыдағы талап жүзеге аса бастайды. Көші-қон органдары жаңа заңның 1 ақпаннан бастап күшіне енетінін мәлімдеді. Енді Қазақстан аумағына енген еңбек мигранты тек жеке тұлғаларға ғана жалданып еңбек ете алады. Мысалы, үй тазалаушы, бала бағушы, бағбан немесе жүргізуші сияқты жұмыстарға алынады. Жұмыс берушінің ең көбі 5 шетел азаматымен келісімшарт жасауға құқығы бар. Ал мигрант еңбек келісімшартын жасаған соң, салық органдарына барып 2 айлық есептік көрсеткіш, яғни ай сайын 3704 теңге төлеуге міндеттеледі. Мұндай операциялар кез-келген екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады.[5]

Бұл мәселенің толықтай шешімін бүгінге күнге дейін ешқандай мемлекет тапқан жоқ. Миграция мәселесінен ешқандай ел түпкілікті бас тарта алмайды, өйткені қандай дамыған немесе дамушы мемлекет болмасын оның ең басты қозғаушы күші халық, олардың құқығы және олардың таңдауы. Менің ойымша әркім әлемнің қай жерінде мекендейтінін және жұмыс орнын өз қалауы бойынша таңдауға құқылы және бұл құқығын ешкім шектемеу керек. Біздің іс-әрекетіміз тек еңбек миграциясын реттеп қоюмен шектелмеуі керек, бұл мәселе кешенді түрде зерттелуі керек. Екі жақ тараптардың мүдделері басшылыққа алынып, ешқандай тарап ұтылмайтындай ымыраға келуіміз керек. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан көптеген жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасы өз тарапынан бұл мәселені шешуде заңнамаларға өзгерістер енгізіп, жұмысшы-мигранттардың құқықтарын заңдастыруда бірталай жұмыстар атқарды. Мигранттардың тіркелу процессін айтарлықтай жеңілдетті. Орта Азиядан және басқа елдерден келетін мигранттардың тек қана бірнеше рәсімдерден өтіп, аз ғана салық төлеп, қорқпай, заңды түрде қызметін жүзеге асыру ғана қалады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. International Labour Organization- <http://www.ilo.org/global/lang--en/index.htm>
2. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Заңы
3. Доктор Рафис Абазов: "Қазақстанға жоғары білікті мамандар, соның ішінде шетелдік мамандар қажет" - [Электронды ресурсы] <http://kaz.bizmedia.kz/>

4. Өзіміздің жұмыссыз жүрген азаматтарымыз қайтпек- [Электронды ресурс]
<http://anatili.kz/?p=17538>

5. “Елімізге келетін еңбек мигранттары салық төлейтін болады” [Электронды ресурс]
<http://astanatv.kz/news/show/id/18357.html>

УДК 349.2: 331.10

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗРЕШЕНИЯ ИНДИВИДУАЛЬНЫХ ТРУДОВЫХ СПОРОВ СОГЛАСИТЕЛЬНЫМИ КОМИССИЯМИ

Галиакбарова Гузаль Газинуровна,
galiakbarova_gg@enu.kz

Докторант PhD 2-го курса специальности 6D030100-«Юриспруденция»

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Нургалиева Е.Н., д.ю.н., профессор

В современных условиях жизни мы все реже сталкиваемся с деятельностью согласительных комиссий в организации. На сегодняшний день можно предположить, что их количество не обобщается ни государственными органами по труду, ни органами местного самоуправления. Но вместе с тем результаты социологических опросов, личный опыт людей демонстрируют, что создание этого специального юрисдикционного органа нельзя назвать распространенным явлением. В отсутствии официальной статистики сложно утверждать о неэффективности деятельности этих органов.

Глава государства Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее» отметил: «...С учётом новых внешних рисков для развития экономики нам нужны новые инициативы для стимулирования деловой активности и занятости» [1]. Это означает, что для повышения уровня занятости в стране необходимо уделить особое внимание совершенствованию трудового законодательства, в том числе и процедурно-процессуальных средств в области охраны и защиты трудовых прав, свобод и интересов работников.

В соответствии с п.1 ст. 170 ТК РК индивидуальные трудовые споры рассматриваются согласительными комиссиями и (или) судами. При этом, согласно п.3 ст. 170 ТК РК стороны трудового договора по своему выбору могут обратиться за разрешением индивидуального трудового спора непосредственно в суд [2]. Это означает, что согласительная комиссия, которая могла бы выполнять роль досудебного органа, как установлено действующим законодательством, может отсутствовать в организации. Однако подобные рассуждения, на наш взгляд, не являются новыми для юридической литературы. Так, например, российский ученый В.В. Архипов справедливо в своих работах поднимал вопрос об очевидной необходимости повышения эффективности деятельности комиссии по трудовым спорам (аналог наших согласительных комиссий – Г.Г.), одновременно обозначая и видимые преимущества действующего комиссии по трудовым спорам перед судом общей юрисдикции [3].

По нашему мнению, формирование состава комиссии из работников той же организации, где имеют место трудовые споры, не может в необходимой мере обеспечить независимость членов согласительной комиссии от работодателя. Это объясняется прямой служебной зависимостью членов согласительной комиссии от работодателя, от которого зависит уровень заработной платы, перемещение по службе, различного рода стимулирующие выплаты и другие социальные льготы. Полагаем, что указанные обстоятельства действительно создают предпосылки для сомнений в беспристрастности членов согласительных комиссий при разрешении ими трудовых споров. Это объясняется и тем, что на практике, хотя это прямо и не указано в трудовом законодательстве, организационно-техническое обеспечение деятельности согласительных комиссий